

**"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру
ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін
құжаттарды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін
қызметі**

1	Қызмет көрсетушінің атауы	Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Алтай ауданы бойынша білім басқармасының «Алтай қаласының мектеп-лицейі» КММ
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері (қолжетімділік арналары)	Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі-портал);2) көрсетілетін қызметті беруші.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Қызмет көрсету мерзімі– 30 минут.
4	Қызмет көрсету нысаны	Электронды (ішінара автоматтандырылған) /қағаз
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жүгінген жағдайда білім алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, сыныбы, оқу тілі мен мектебі (телефон, пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы (ресми интернет ресурсы) көрсетілген білім алушыны бір ұйымнан екінші білім беру ұйымына ауыстыру туралы көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ), Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартқан кезде - бас тарту себептерін көрсете отырып, дәлелді бас тарту туралы электрондық қол қойылған хабарлама келеді. Көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қағаз жеткізгіште қабылдаған кезде көрсетілетін қызметті беруші тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, сыныбы, оқу тілі және мектебі (телефоны, пошталық мекенжайы, электрондық мекенжайы (ресми интернет ресурсы) немесе дәлелді бас тартуы көрсетіле отырып, оны келу ұйымына ұсыну үшін шығу туралы есептен шығару талонын береді. Қызметті қағаз жеткізгіште алған жағдайда білім алушы келетін көрсетілетін қызметті беруші келгені туралы есептен шығару талонын ұсынады, онда оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, сыныбы, оқу тілі, мектебі (пошталық мекенжайы, телефоны, электрондық мекенжайы (ресми интернет ресурсы) көрсетіледі. Келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы (құжаттар басқа орта білім беру ұйымына келгені туралы есептен шығару талонының түпнұсқасы берілгеннен кейін беріледі) білім алушы құжаттарды алу үшін шығатын орта білім беру ұйымына (білім алушының жеке іс қағазы) ұсынылады. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының қолына құжаттарды (білім алушының жеке іс қағазы) береді. Көрсетілетін қызметті алушы өзі келетін білім беру ұйымына құжаттарды (жеке іс қағазы) ұсынады. Білім беру ұйымдары білім алушыны орта білім беру ұйымына/одан қабылдау/оқудан шығару туралы бұйрықтар шығарады және салыстырып тексереді.

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші: Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұманы қоса алғанда, көрсетілетін қызметті берушінің белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Өтінішті қабылдау және нәтижелерді беру сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін жүзеге асырылады, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек тәртібімен көрсетіледі. 2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, кодекске сәйкес демалыс және мереке күндері жүтінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні) жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 2) 1) интернет ресурс-портал www.egov.kz 2) порталда www.egov.kz

8

Құжаттар
тізімі

көрсетілетін қызметті берушіге:

- портал арқылы:1) 2-қосымшаның нысанына сәйкес ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші (келу мектебіне және шығу мектебіне);- көрсетілетін қызметті берушіге (қағаз жүзінде):1) 2-қосымшаның нысанына сәйкес ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің өтініші (келу мектебіне және шығу мектебіне); 2) білім беру ұйымының (Қазақстан Республикасынан тыс жерге кететін, Қазақстан Республикасынан тыс жерге кететінін растайтын құжатты ұсынатын білім алушыларды қоспағанда) баланың аты-жөні (бар болса), сыныбы, оқу тілі, мектебі, телефондары және электрондық мекенжайы (ресми интернет-ресурсы) көрсетілетін құжаттарды қабылдау туралы есептен шығару талоны.

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) класс-жиынтықтардың толып кетуі; 2) өтініш беру мерзімдері осы Қағидаларда белгіленген мерзімдерге сәйкес келмесе.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	1) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут. 2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-30 минут.Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде алуға мүмкіндігі бар.

"Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары
арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау"
мемлекеттік көрсетілетін қызметінің
негізгі талаптарының тізіміне

Директор

Білім беру ұйымының атауы
Директордың ТАӘ (болған жағдайда)

Ата-ананың (заңды өкілдің)
ТАӘ (болған жағдайда)

Телефон: _____

Өтініш

Менің балам _____
(баланың Т.А.Ә. (болған жағдайда))

_____ сынып оқушысы _____
(білім беру ұйымының толық атауы)

_____ (тіркелген мекенжайы, қала, ауыл, аудан, облыс)
оқуға _____ қабылдауды сұраймын.
(білім беру ұйымының толық атауы)

Ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалған құпияны пайдалануға келісім беремін.

_____ " _____ " _____ 20 ____ жыл
(қолы)